

Sometimes they try to win admiration by flouting authority (4, 1-2).

I. Wilson offers some important advantages for the methods of influence upon the disadvantaged youth are following:

- to be honest,
- to be professional,
- it gives the children something to hang on to (5,7).

H. Charles, S. Pat and St. Norman on the book 'Young Teachers and Reluctant Learners' point that one of the most valuable elements in the help we are able to give students is in drawing their attention to the kinds of services that exist for children in trouble and to do it at a time when it really matters to them.

The authors offer some recommendations for the young teachers how to work with the children in order to avoid extremes:

- to try to introduce the children to a wider range of cultural experience;
- to find some areas of interest which they could share;
- often physical activities swimming, ice – skating, fishing;
- to organize class-socially demanding (6, 100).

All children will suffer from any inadequacies in the preparations of teachers but of all children the less able working class child suffer most.

'We recognize only too clearly that some of the changes in our schools that are essential to give the children any chance of a decent education do not depend upon the school alone.

Society itself must change' (5, 158) – the authors have settled.

The teachers and educators may take into account the peculiarities of the devianced youth in prophylactical work with them.

LITERATURE

1 D. Leach, E. Raybould. Learning and Behavior Difficulties in School: Open Books. L., 1999.

2 Hunt I. The Challenge of Incompetence and Poverty. – L., Methuen, 2001.

3 Burt C. The Backward Child. – Univ. of London Press. – L., 2003.

4 Teaching the Slow Learner in the Secondary School. Ed. by M.F. Cleugh. – L., Methuen, 2004.

5 Wilson I. Practical Methods of Moral Education. – L., 2006.

6 Charles H., Pat S., Norma St. Yong Teachers and Reluctant Learners. – L., Penguin Book, 2007.

Түйін

Мақалада жеткіншектердің девиантты көріністерінің әр түрлі түрлері шетел зерттеулерінде ағылшын түпнегіздері, авторлық тәсілдердің нейтралыққа ерекшеліктері негізінде қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются различные формы девиантных проявлений подростков на материале оригинальных источников английских исследований и особенности авторских подходов по их нейтрализации.

ТІЛ МЕН СӨЙЛЕСІМ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

Шолпанбаева Ғ.Ә.

Тілдік қатынасқа қатысты құбылыстардың ішінде тіл мен сөйлеуге соқпай өтетін мәселелер жоқтың қасы. Сондықтан бұл мәселелердің басын ашып алудың маңызы зор.

Тіл мен сөйлеуді ғалымдар кейде бірге алып қарастырса, кейде екеуін екі бөлек құбылыс деп таниды. Мәселен, немістің көрнекті лингвисті *Вильгельм фон Гумбольдт* пен орыс лингвисті *И.Э.Бодуэн де Куртэнэ*

тіл мен сөйлеуді жеке-жеке ажырата келіп, оларды адамның ойы мен қарым-қатынасына байланысты қажеттіліктен туған процесс деп қарастырады.

Бұл жөнінде В. Гумбольдт: «необходимая все повторяющаяся деятельность, чтобы можно было познать сущность живой речи и создать верную картину живого языка» – десе, И.Э. Бодуэн де Куртэнэ тілді: «как беспрерывно повторяющегося процесса, осно-

ывающаяся на общительном характере человека и его потребности воплощать свои мысли в ощущаемые продукты собственного организма и сообщать их существом его подобным», – деп бейнелейді.

Тіл мен сөйлеу туралы ерекше концепция – *Фердинанд де Соссюрдің* тұжырымы. Ол тілді қалыпты, сипаттамалы құбылыс ретінде тани келіп, оны дыбыстық материяның тұтас жүйесі түрінде қарастыру керек деп санайды.

Ғалым тілді ерекше құрылымы бар, жүйелі, бірақ қалыпты құбылыс деп көрсете отырып, ондағы дыбыстық ерекшеліктерді, тілдік тұлғалардың дыбысталуын, сөздердің айтылуын – бәрін түгелімен сөйлесімге /речь/ қатысты қарастырады.

Ф. де Соссюрдің пікірінше, тіл – дыбыстық материяның жиынтығы, форма, қарым-қатынас құралы; ал сөйлеу – дыбыстың өзі, дыбысталу. Яғни тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлесім – дыбысталудың жиынтығы.

Тіл мен сөйлеуге тілші тағы да мынадай анықтама береді: «Язык – это система знаков и правил из комбинирования: речь же – это использование нашей знаковой системы в целях общения».

Ф. де Соссюр тіл мен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді. Автордың айтуынша:

1. Тіл әлеуметтік, ал сөйлесім – жеке дара құбылыс.

2. Тіл тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

3. Тіл – адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын процесс, ал сөйлеу – әркімнің өзі дамытып отыратын процесс.

4. Тіл адамның қарым-қатынасында бәріне ортақ, ал сөйлеуде автордың өз қолтаңбасы болады.

5. Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психофизикалық құбылыс.

Осы тәрізді бірнеше өзгешеліктерін ажырата келіп, Ф. де Соссюр сөйлеу де, тіл де өз алдына күрделі құбылыстар, сондықтан олардың екеуін лингвистикада екі ғылым:

✓ тіл лингвистикасы – тіл құбылысын;

✓ сөйлесім лингвистикасы – сөйлесім құбылысын зерттеу керек дейді.

Ғалым тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, оларды екі ғылымның объектісі ретінде зерттеу керек дей отырып, олар /тіл мен сөйлесім/ өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді: «Язык и речь тесно связаны между собой и предполагают друг друга: язык необходим, чтобы речь была понятна тем самым была эффективна; речь, в свою очередь, необходима для того, чтобы сложился язык».

Фердинанд де Соссюрдің көзқарастары кейде қайшылықты болғанымен, өзінен кейінгі лингвистердің пікіріне әсер етпей қоймады. Кейінгі тұжырымдардың көпшілігі осыдан келіп шыққанын тіл мен сөйлеуге берілген анықтамалардан аңғаруға болады.

И.С. Торопцев: Речь – это звуковая материализация языка. Как внешняя, так и внутренняя речь психофизиологична» – деп, сөйлеудің тілмен байланысы оның дыбысталу ерекшелігінде десе, В.Я. Мыркин: «Речь социальна по значению и индивидуальна по исполнению» – деп, сөйлеудің қызметіне, атқаратын қоғамдық жүгіне назар аударуға тырысады.

Ал, *Т.П. Ломтев*: «И язык, и речь имеют общественную, социальную природу. Но в акте общения социальная природа языка принимает форму индивидуальной речи. Язык в акте общения не существует иначе, как в форме индивидуального говорения» – деп, сөйлеу мен тілдің қоғамдық-әлеуметтік табиғатына көңіл бөледі. *Ю.В. Фоменко* Фердинанд де Соссюрдің тіл лингвистикасы мен сөйлесім лингвистикасы деген пікірін жоққа шығара отырып, Ф.де Соссюр тіл мен сөйлесімді бір-біріне қарама-қарсы қойып және олардың екеуін бір-біріне ешбір қатысы жоқ екі түрлі мәселе ретінде түсіндіреді деп, оған қарсы шығады. Сондықтан да Ф. де Соссюр олардың әрқайсысының айырмашылықтарын жеке-жеке көрсеткен дей келіп, *Ю.В. Фоменко* сол көрсетілген айырмашылықтардың барлығына дау айтады. Сөйте тұра, бұл автор да Ф.де Соссюрдің тіл мен сөйлеудің әлеуметтігі жөніндегі көзқарасын құптапайды.

«Язык – потенция, речь – ее реализация», – деген тұжырым жасай келіп, Ю.В. Фоменко: «...каждый говорящий принимает язык, т.е. строит речь по-своему, не так, как другие. В этом заключается индивидуальный характер речи. Таким образом, речь и социальна, и индивидуальна, причем социальность – ее главное свойство. Все то, что есть в языке, есть и в речи, но не все, что есть в речи, есть в языке».

Беляев Б.В.: «Язык – это средство, орудие общения, а речь – это применение языка с целью общения, это «язык в действии» – деп, тілдік қатынастың /сөйлеудің/ құралы, ал сөйлеу қозғалысқа түскен немесе жұмыс үстіндегі тіл деген анықтамамен түсіндіргісі келеді.

Жоғарыда айтылған пікірлердің барлығында, негізінен, тіл мен сөйлесімге қатысты Фердинанд де Соссюрдің айтқан ерекшеліктері сөз болады. Мәселен: тіл мен сөйлесімнің психологиялық, физиологиялық жақтары, таңбалар жүйесі ретіндегі өзгешелігі, әлеуметтік-дербестік табиғаты, олардың қарым-қатынас құралы тарапынан ерекшелігі. Яғни авторлардың көпшілігі бұл мәселелерді одан әрі жалғастыруды, дамытуды көздейді.

Сондықтан пікірлерді қорыта келгенде, мынаған көз жеткізуге болады: бұл мәселе неғұрлым көп қарастырылып, жан-жақты сөз болған сайын, тілдің де, сөйлесімнің де қатысымдық қасиеттері айқындала түсіп, бүкіл мәселе осы бағытқа қарай бет бұрып келеді.

Лингвистикада сөйлесім мен тілді біріктіріп, қос процесс деп санаған көзқарастар да бар. Олардың айтуынша, сөйлесім мен тіл екеуі екі бөлек құбылыс емес, олар бір процестің екі жағы. Кейде оны тілші ғалымдар «уровень языка», «уровень речи» деп те атайды.

Бұл көзқарас бойынша, тіл мен сөйлесім бір-бірімен теңдес әлеуметтік-дербес құбылыс болып саналады. Мұндай пікірді айтушы адамдардың сүйенетін негізі – қатысымдық ерекшеліктер. Бұл пікірді жақтаушылар сөйлесім деген -қатысым құбылысының өзі, ал тіл сол қатысымды іс жүзіне асыру үшін керек дейді.

Бұл көзқарасқа қарсы пікір айтушылар да бар. Олар: А.С. Чикобава, Г.В. Колшанский, Т.С. Шарадзенидзе, А.Т. Волков, А.Г. Спиркин, Г. Шухарт т.б.

Жалпы тіл мен сөйлесімге қатысты көзқарастар орыс тілінің энциклопедиясындағы осы ұғымдарға берілген анықтамалармен ұштасады. Энциклопедияда тіл қарым-қатынасты жүзеге асыратын, осы мақсат үшін қызмет ететін дыбыстық таңбалардың жүйесі, ал сөйлесім қатысымдық құбылыстың өзі, яғни тілдің негізінде жасалған, тіл арқылы жүзеге асатын коммуникативтік құбылыс деп баяндалады: «Язык – это «стихийно возникающая в человеческом обществе и развивающаяся система дискретных /членораздельных/ звуковых знаков, служащая для целей коммуникации и способная выразить всю совокупность знаний и представленный человека о мире», «речь – это конкретное говорение, происходящее в звуковой /включая внутреннее проговаривание/ или письменной форме. Под речью принято понимать как сам процесс говорения, так и результат этого процесса, т.е. и речевую деятельность, и речевые произведения, фиксируемые памятью или письмом».

Қазақ совет энциклопедиясында сөйлеуге төмендегідей түсініктеме беріледі:

«Сөйлеу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, кісінің психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне сүйенеді. Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөз тіркестерін, сөйлем құрау ережелері көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Осы сипаты арқылы тіл жұрттың бәріне түсінікті қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайға сай ыңғайланған стилі болады. Мұнымен бірге сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғана тән /индивидуальдық/ сөз жұмсауы, сөз тіркесін, сөйлем құрау ерекшеліктері болады». Қазақ энциклопедиясындағы тілге қатысты айтылған түсініктеме мен анықтамалар оның жан-жақты ерекшеліктерін, жалпы сипатын және күрделі құбылысқа тән басты белгілерін атап өтеді.

«Тіл – адам қоғамының ең негізгі қатынас құралы. Дыбысты тіл – адам қоғамы-

мен бірге туып, қатар жасап келе жатқан қоғамдық құбылыс. Тіл – өте күрделі, сансалалы құбылыс.

Егер тілді функционалдық жағынан анықтағымыз келсе, оның қатынас құралы, адамдардың бір-бірімен пікір алысып, өзара түсінісуінің құралы дейміз.

Егер тілді ой мен санаға қатынасы жағынан анықтамақ болсақ, онда тілді ойды қалыптастыратын, оны жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы дейміз.

Тілді құрылымы жағынан анықтамақ болсақ, Тіл – қатынас жасауға қажетті материалдардың жиынтығы деп қараймыз.

Тілді таңбалық сипатына қарай таңбалар жүйесі, семиотикалық жүйе деп анықтау да тілдің қоғамда атқаратын қызметінің мәніне орай.

Бұлардың ішіндегі ең негізгісі – тілдің функциясына қарай берілген анықтама. Тілдің тіршілігі, дамуы оның қатынас құралы болу қызметіне байланысты. Тілдің бұл қызметі коммуникативтік функция деп аталады. Тілді адам өзін қоршаған қауымнан, өмірден үйренеді».

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші – Т.Р. Қордабаев.

Т.Р. Қордабаев: «Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», – дей келіп, – «Сөйлеу тілдік материалдар арқылы болады және тілдік заң-ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірінен ажырамас бірлікте» – деп, тіл мен сөйлеудің ара қатынасын орыс лингвистерінің көзқарастарына сәйкес баяндайды.

Бұл автор сөйлеу мен сөйлесім әрекетін қысқаша түсіндіре келіп, тілді қоғамдық құбылыс ретінде танып, оның ерекшеліктеріне тоқталады.

Сол сияқты К. Аханов тіл мен ойлау процестерін қарастыра келіп, тілге төмендегідей анықтама береді:

«Тіл – ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы».

Сонымен қатар ол тілдің таңбалық қасиетін де оның басты ерекшеліктерінің қата-

рына жатқызады. Тілші: «Тіл – таңбалардың коммуникативтік жүйесі болып табылады», – дей келіп, оның басқа құбылыстардан айырмашылығын көрсетеді.

Сонымен, тілдік қатынасқа байланысты болатын тіл, ойлау, сөйлесім құбылыстарының бәрі де ғылыми тұрғыдан толық шешімін тауып, бір ізге түсе қоймаған, арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер.

Біздің ойымызша, тіл мен сөйлесім бір-бірімен байланысты, бірақ екі бөлек құбылыс бола келіп, екеуі де: әрі қоғамдық-әлеуметтік; әрі жекелік, дербестік мәні бар; бәрі қатысымдық құбылыстар.

Тіптен айтыс тудырған мәселе тіл мен сөйлесім – екеуі екі бөлек ғылымның зерттеу объектісі ме, жоқ бір тіл білімінің екі түрлі мәселесі ме – деген пікірлердің өзі бір ортақ нәрсені мойындайды.

Ең алдымен, тілдің әлеуметтік және жекелік, дербестік жақтарын қарастырайық. Тіл – табиғаттың адамзатқа берген сыйы, ол қоғамда өмір сүретін адамдардың өзіне тікелей бағынбайтын күрделі құбылыс. Сондықтан ол әлеуметтік-қоғамдық процесс – болып саналады. Оны лингвистика да, психология да, физиология да өз мақсаттары тұрғысынан қарастырады. Оның сөйлесімге қатысты жағы – тіл – сөйлесімнің қажетті құралы; тіл болмаса, сөйлесім өз мақсатына жете алмайды, өз қызметін орындай алмайды.

Тілдің психологиялық, физиологиялық ерекшеліктері бүкіл адамзатқа ортақ қасиет, бұл – оның тұлғаларына да тән.

Оның сыртында, әрбір адамның сөйлеу өзгешелігінде ғана емес, тілінде де жекелік сипат бар. Оның мәні мынада: барлық тіл бір мезгілде, бір себептен шыға салмайды. Оған әсер етуші сыртқы және ішкі жағдайлардың ықпалынан әр адамның тілінің шығуының, қалыптасуының жекелік мәні бар.

Бұл ерекшелік оның әлеуметтік мәніне қарағанда, кең шеңберде болмауы мүмкін. Бірақ әр сәбидің тіліне байланысты, оның шығу, қалыптасу өзгешелігіне қатысты қоғамдық тілдің алғы шарттары пайда болып, қалыптасады.

Тілге қажет фактордың бірі ішкі анатомиялық-физиологиялық даму, жетілу процесі. Ол адамның тууымен біртіндеп қалыптасады.

Екінші, тілдің тіл болуы үшін ең қажетті шарт – ойлау, пайымдау. Адамның ми қабатына жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады; сөйлесім әрекеті арқылы бейнеленеді, көрініс табады. Адамның ойы тілдік тұлғалар арқылы неше мәрте айтылса да, белгілі бір сөйлесім жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады.

Үшіншіден, тілге қажетті маңызды фактор – қарым-қатынастың болуы, яғни қатысымдық. Тілдің ең маңызды атқаратын қызметі дыбысталу арқылы ойды сыртқа шығару. Кез келген сыртқа шыққан сөйлеу үлгісі белгілі бір ортаға тап болады. Сөйтіп, айналасындағы затпен, құбылыспен байланысқа түседі. Бұл – мәселенің бір ғана жағы.

Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең маңызды құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да – тіл. Сондықтан да тіл қатысымдық құбылыс болып саналады.

Тіл – адамдар арасындағы тілдік қатынасты қамтамасыз ететін, дыбыстық таңбалар жүйесінің жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың құралы.

Тіл сияқты сөйлесім де әлеуметтік құбылыс. Өйткені сөйлесімді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсіністігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды біріктіреді, оларды өзара байланысқа түсіреді. Мұндай байланыс қоғамның дамуына әсер етеді.

Жалғыз адам табиғаттан, қоғамнан тыс өмір сүре алмайтыны сияқты, жалғыз адам сөйлесім процесін де жүзеге асыра алмайды.

Адам жаратылыстан, табиғаттан тыс емес, сөйлеу адамнан тыс емес. Сөйлесім – адамдарды қауымдастыққа жетелейтін, қоғамдық мәні бар күрделі әрекет.

Сөйлесім арқылы адамдар бірін-бірі түсініп қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешеді, өзара бірлікте, ынтымақтастықта болады, түсінеді, сөйтіп, қоғамның дамуын жетілдіреді; не керісінше кері кетіреді. Бірақ қай жағдайда болсын сөйлеу адамның алдына қойған мақсатына қызмет етеді, сөйлеусіз, сөзсіз адамдар арасындағы ешбір

тірлік жүрмейді. Осыдан келіп, сөйлесімнің қоғамдық-әлеуметтік мәні шығады.

Қарым-қатынасқа түсетін адамдардың тілді, сөзді қолдануында да өз ерекшеліктері бар. Әр адамның сөйлеу мәнері, стилі басқа адамға ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән сөйлеу үлгісімен өзгешеленеді. Осының өзінен сөйлеудің жекелік мәні, даралық ерекшелігі келіп шығады.

Сөйлеу қаншама дара түрлік болса да, сөйлеуде адамның өзіндік ерекшелігі болса да, ол /адам/ сөйлесімнің құрамдық бөлшектерін, тілді өз еркінше жасап, өзі құрай алмайды. Адам дайын тілдік тұлғаларды пайдаланады. Осыдан тағы да сөйлесімнің қоғамдық орны көрінеді.

Сөйлесімнің мұндай екі жақты ерекшелігін *В.Я.Мыркин* мынадай деп ажыратып көрсетеді: Сөйлесім мазмұны, мағынасы тарапынан әлеуметтік болады да, орындалуы жағынан жекелік құбылыс болып табылады: «Речь социально по значению и индивидуальна по исполнению».

Сөйлесімнің жекелік, даралық мәнін көрсететін тағы бір жай қарым-қатынас процесінде сөйлеу жеке адамға тән бола келіп, нақтылы бір адамның атынан айтылады не жазылады. Содан барып, сөйлеу – жеке авторға тән процесс болып саналады, себебі сөздің белгілі авторы бар.

Сонымен, сөйлесімді жүзеге асыратын – тіл де, оның іске асуына жағдай жасайтын – қарым-қатынас. Тіл мен сөйлесім бір ортақ жүйенің екі бүтін құрамы болса, қарым-қатынас, яғни қатысым – олардың шарты.

Сонымен, сөйлесім дегеніміз – тіл арқылы дыбысталып айтылатын; ойды жарыққа шығаратын; қатысымдық мәні бар; әрі әлеуметтік, әрі дара құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005.
- 2 Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: формальды лингвистика. – Алматы, 2006.
- 3 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – М., 2000.
- 4 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М., 1997.

5 Әбдіхалыков М.Н. Күнтуарова Б.С.,
Парфенова Л.А. Сөздік қатынас негіздері. –
Алматы, 2000.

*понятна, речь необходима для того, чтобы
сложился язык.*

Резюме

*В данной статье дается пояснение
сходства понятий языка и предложения.
Язык и речь тесно взаимосвязаны между
собой: язык необходим, чтобы речь была*

Conclusion

*This article is an explanation of the
similarity of language and sentence. Yayk and
speech are closely linked and involve each other:
the language is needed to understand the speech
was thus to be effective, it in turn is required in
order to lay down their language.*